



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМУ
БАСҚАРМАСЫ
Ш.МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

Ақпараттық хат

2025 жылдың 27-28 ақпан аралығында Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының Жамбыл облысы айтыскер ақындар, жыршы-термешілер орталығы мен Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының ұйымдастыруымен «**АЙТЫС ЖАНРЫНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ**» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтеді.

Конференция жұмысының негізгі бағыттары:

1. АЙТЫС – БАБАЛАР МҰРАСЫ
2. ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ
3. БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢАША БАҒЫТТАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ
4. ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
5. ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ

Конференция қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі.

Конференция материалдары ғылыми жинақ түрінде шығарылады, бірақ электронды нұсқада таратылады. Ұйымдастыру комитеті мазмұны мен рәсімделуі талаптарға сәйкес келмейтін мақалаларды жариялаудан бас тартуға құқылы.

Ұйымдастыру комитеті: Жамбыл облыстық айтыскер ақындар, жыршы-термешілер орталығы мен Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы.

Жауапты қабылдаушылар: Пертаева Эльмира Құлибайқызы, Беркенова Рабиға Ағабекқызы. Байланыс телефондары: 87018162394, 87776498992, 87058456969

Мақала мәтіні мен оның электронды нұсқасы **2025 жылы ақпан айының 11-не** дейін мына мекен-жайда қабылданады: 080000 Тараз қ., Қ.Сәтбаев көшесі, 1 «А», 3-бөлік, 2-қабат, 206-бөлме. E-mail: auditor.59@mail.ru.

Конференцияға тіркелу **2025 жылы ақпан айының 27-і күні сағ. 9.30-дан** бастап жүргізіледі. Конференцияның басталуы - сағ. 10.00-де (офлайн жүйесінде).

Конференцияға қатысушыларға қойылатын талаптар:

Конференцияға қатысу үшін автор ретінде ұйымдастыру жарнасын жіберуі тиіс: Жарнасы –5000 теңге.

Реквизиттер: ХТИИ, Желтоқсан 69 «б». АО «Банк Центр Кредит», РНН-211500236592. БИН-080640010161. ИИК-KZ288562203101941039. БИК-KGJBKZKX. Кбе-17.

Мәтін көлемі – 5 беттен аспауы тиіс немесе тезис үлгісінде. Жинақ электронды нұсқада жіберіледі. Баяндама мәтінінің сол жақ жоғарғы бұрышында міндетті түрде УДК (ӨОЖ) индексі қойылуы тиіс; редакторы – WORD, 12 шрифт. Мәтіндер TIMES NEW

ROMAN қарпімен жазылуы қажет, 12 кегль, интервал – 1 (бір). Беттің астыңғы және үстіңгі жақ өлшемдері – 2 см., оң жақ өлшемі – 1,5 см., сол жақ өлшемі – 3 см. Мақалаға бет сандары қойылмайды.

Мақалалардың баспа мәтіні және электронды нұсқасы болуы керек. Сілтеме жасалған әдебиеттер мақала ішінде реттік саны бойынша тік жақшаға алынып [1, 25б.], мақала соңында сол ретімен беріледі. Талапқа сай орындалмаған мақала баспаға жіберілмейді, жинаққа шығарылмайды.

Қазақ тілінде жазылған мәтін үшін – **орысша**, ағылшынша түйіндеме, орыс тілінде жазылған мәтіндер үшін – **қазақша**, ағылшынша түйіндеме берілуі тиіс.

Мақаланы рәсімдеу үлгісі:

ӘОЖ 82.123 (020)

УДК 82.123 (020)

АЙТЫС – СӨЗ САЙЫСЫ

ИГИЛИКОВА ЭЛЬМИРА САУЫТБЕКҚЫЗЫ

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының аға оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Түйіндеме (баяндама қазақ тілінде болса, онда түйіндеме орыс, ағылшын тілдерінде, ал орыс тілінде болса, онда түйіндеме талаптарға сәйкес қазақ, ағылшын тілдерінде болады)

Айтыс – синкреттік жанр, ол тұрмыс-салт жырларынан бастау алып, келе-келе ақындар айтысына ұласқан. Айтыста осыған орай лирикалық, эпикалық, драмалық сипаттар мол ұшырасады. Сол арқылы бұл жанр ауыз әдебиетінің өзге түрлерімен қанаттаса дамып, бір-біріне елеулі әсер-ықпал жасап отырған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұқанов С. Айтыс. 1 том. – Алматы: Жазушы, 1984. –225б.